

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 150е қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 326-қосымшада :

6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағаны мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Сарапшылық зерттеулерді жүзеге асыру үшін электронды таразыларды сатып алу."
;

көрсетілген қаулыға 334-қосымшада:

6-тармақ кестесінің "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мерзімді баспа басылымдарында құқықтық тақырып бойынша тұрақты айдарлар ашу, теле- және радиобағдарламаларды дайындау; құқықтық мазмұндағы жарнамалық-имидждік роликтерді әзірлеу және шығару. Құқықтық пәндер бойынша оқу құралдарын, бағдарламаларды, әдістемелік құралдар мен әзірлемелерді дайындау және шығару."

2. Осы қаулы қол қойылған бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі